



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ББ 6В04113"ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ЕСЕП ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ БАҒАЛАУ"

(оқу мерзімі – 4 жыл, 2026ж қабылданғандарға арналған)

Элективті пәндер каталогын Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған (№ 5 хаттама "28" мамыр 2026 ж).

Каталогқа элективті пәндер тізімі (таңдау компоненті), сондай-ақ олардың ББ бағдарламаларының қысқаша курсы кіреді. Қазтұтынуодағының картасы оқытушылар мен студенттерге/магистранттарға/докторанттарға арналған.

СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ЖАДЫНАМА

Құрметті Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің студенті!

Сіздің алдыңызда **Элективті оқу пәндерінің каталогы** орналасқан. Бұл элективті оқу пәндерінің жүйеленген аннотацияланған тізімі. Ол Сіз үшін жеке оқыту траекториясын дербес, жедел, икемді және жан-жақты қалыптастыру мүмкіндігін құру мақсатында құрастырылған. Бұл Сіздің жеке оқу жоспарыңызды құрудағы көмекшіңіз.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде барлық оқу пәндері 3 циклге бөлінеді – жалпы білім беру (ЖББ), базалық (БП) және бейіндеуші (БеП). Осы циклдардың әрқайсысында оқу пәндері 3 түрге бөлінеді-міндетті, компонент, университет компоненті және таңдау компоненті (элективті, яғни таңдалатын оқу пәндері).

Міндетті компонент пәндері Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен белгіленген және осы білім беру бағдарламасының барлық студенттері оқитын пәндер.

Элективті оқу пәндерін Сізге кафедралар оқуға ұсынады. Элективті оқу пәндерінің барлық тізімінен Сіз өзіңізге қызықты пәндерді таңдай аласыз. Осылайша, оқу пәндерінің әрбір циклі бойынша Сіздің жеке оқу жоспарыңыз 3 бөлімді қамтиды: міндетті компонент, ЖОО компоненті және таңдау компоненті (элективті оқу пәндер).

Жеке оқу жоспарыңызға қосу үшін элективті оқу пәндерін каталогпен қалай таңдауға болады?

1. Тізімде курстың кестесін және оқу семестрін табыңыз.
2. Элективті оқу пәндеріне арналған типтік оқу жоспарында қанша несиелер берілетінін түсініп алыңыз.
3. Элективті оқу пәндерінің тізімін қараңыз. Оқу пәндері сәйкес нөмірмен таңдау курстарына біріктірілгеніне назар аударыңыз. Элективті пәндердің әр тобынан тек бір элективті оқу пәнін таңдауға болады.
4. Сізді қызықтыратын элективті оқу пәндерінің сипаттамасын оқып, өз таңдауыңызды жасаңыз.
5. Сіз таңдаған несиелер санының ББ оқу жоспары талап ететін санға сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
6. Сіздің эдвайзеріңіз элективті оқу пәндерін таңдауға көмектеседі.

Қаржы, логистика және цифрлық технологиялар факультеті
ББ 6В04113"ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ЕСЕП ЖӘНЕ БИЗНЕСТІ БАҒАЛАУ"

Берілетін дәреже –6В04113"ҚАРЖЫЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ЕСЕП ЖӘНЕ
БИЗНЕСТІ БАҒАЛАУ"

ББ бойынша бизнес және басқару бакалавры

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР

Пәннің циклы.	Пән коды	Пәннің аты	Кредит саны	Семестр
1 курс				
		Таңдау курсы 1		
ЖБП	ЕТ 2022	Экономикалық теория	5	1
	KSKN 2022	Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері		
	KSZhKMN 2022	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері		
	ЕТК РА 2022	"Экология және тіршілік қауіпсіздігі"пәнаралық курсы		

Таңдау курсы 1

Экономикалық теория

Преквизиттері: Математика, География (мектеп бағдарламасы көлемінде).

Постреквизиттер: Мәліметтерді талдау және экономиканы болжамдау, Экономика математикалық әдістер және модельдер, Сандық статистика

Мақсаты: Экономикалық құбылыстар мен үдерістердің мәнін ашатын, үй шаруашылығы, фирма, ел және әлемдік шаруашылық деңгейінде экономиканың қызмет етуі мен дамуын айқындайтын негізгі базалық ұғымдар мен теориялық ережелерді тереңдетіп зерделеу.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Экономикалық теорияның пәні мен әдісі. Экономикалық теорияның қоғам дамуындағы орны мен рөлі. Қоғамдық өндірістің негіздері. Қоғамдық шаруашылық нысандары. Сұраныс пен ұсыныс теориясының негіздері. Кәсіпкерлік. Өндіріс шығындары. Капиталдың айналымы және айналысы. Өндіріс факторларының нарықтары және факторлық табыстардың қалыптасуы. Ұлттық экономика жүйе ретінде. Макроэкономикалық тепе-теңдік. Экономикалық дамудың циклділігі макроэкономиканың заңдылығы ретінде. Жұмыссыздық пен инфляция экономикалық тұрақсыздықтың көрінісі ретінде. Ақша-несие жүйесі және ақша-несие саясаты. Салық-бюджет жүйесі және салық-бюджет саясаты. Мемлекеттің әлеуметтік саясаты. Экономикалық өсу. Экономикалық теорияның халықаралық аспектілері.

Күтілетін нәтижелер: Экономикалық теорияның негізгі ұғымдарын, санаттарын, қағидаттары мен әдістерін білу және түсіну, олар экономикалық құбылыстар мен үдерістерді ғылыми тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді; теориялық білімді практикалық қызметте қолдана білу, қоршаған экономикалық шындықта нақты бағдарлану, шаруашылық жүргізудің барлық деңгейлерінде қабылданатын экономикалық шешімдердің салдарын түсіну; базалық және бейіндеуші пәндерді зерделеу барысында экономикалық ғылымның ұғымдық-санаттық аппаратын және әдістерін пайдалану; ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан жүйелі әрі анық құра білу, өз ұстанымын тұжырымдау және дәлелдеу; экономикалық ойлау мәдениетін, жалпылау мен талдау, экономикалық мәселелерді зерттеуге жүйелі көзқарас дағдыларын қалыптастыру.

Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері

Преквизиттері: География, Математика (мектеп бағдарламасы көлемінде).

Постреквизиттер: Экономикалық талдау, Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есептілік және талдау

Мақсаты: Білім алушылардың жеке қаржыға қатысты шешімдер қабылдау кезінде ұтымды қаржылық мінез-құлқын қалыптастыру, сондай-ақ қаржылық қызметтерді тұтынушылар ретінде олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға байланысты үдерістерді сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін, оның ішінде қаржылық алаяқтықты анықтау үшін цифрлық технологияларды пайдалану арқылы дамыту.

Білім алушылардың жеке қаржыны басқару және кәсіпкерлік қызмет негіздері бойынша базалық білімдері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру, қаржылық ойлауын, экономикалық шешімдер қабылдауға жауапкершілігін, сондай-ақ өз ісін құруға және дамытуға дайындығын дамыту.

Курстың қысқаша сипаттамасы: «Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері» курсы жеке қаржыны басқарудың негізгі қағидаттарын зерделеуге және кәсіпкерлік қызметке кіріспеге бағытталған. Курс аясында бюджетті жоспарлау, жинақтар мен инвестициялар, кредиттеу, салықтар, қаржылық тәуекелдер және тұтынушылардың құқықтарын қорғау тақырыптары қарастырылады.

Курс аясында білім алушылар қаржы саласындағы әртүрлі құралдарды практикада пайдалануды, жинақтарын сақтауды және көбейтуді, бюджетті сауатты жоспарлауды, салықтарды есептеу және төлеу, сондай-ақ салықтық есептілікті дұрыс толтыру бойынша практикалық дағдыларды меңгереді. Сонымен қатар, білім алушылар қаржылық ақпаратты талдауды және тиісті инвестициялық стратегияны таңдау үшін қаржылық өнімдерге бағдарлануды үйренеді. Қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру білім алушыларға ұтымды қаржылық шешімдер қабылдауға, туындайтын қаржылық мәселелерді шешуге және қаржылық алаяқтықты уақтылы анықтауға мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер:

- Қаржылық тәуекелдердің, дағдарыстардың, алаяқтықтың және басқа да қолайсыз факторлардың әсерін бағалау негізінде жеке бюджетті талдауға және жоспарлауға, қаржылық өнімдер мен инвестициялау құралдарын қолдануға қабілетті;
- Алынған білім мен дағдылар негізінде, кірістер мен шығыстарды талдау арқылы қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес жеке ақша бюджетін қалыптастыруға, жеке қаржының жай-күйін талдау бойынша практикалық тапсырмаларды орындауға қабілетті;
- Қаржылық заңдар мен қағидаларды, цифрлық және қаржылық технологияларды, оның ішінде мобильді қосымшаларды қолдану негізінде ұтымды қаржылық мінез-құлықты қамтамасыз ететін заманауи қаржылық құралдарды пайдалану дағдыларын қалыптастыру;
- Салықтарды есептеуді және оңтайландыруды білу, міндетті зейнетақы жарналарын және басқа да төлемдерді есептеу дағдыларын қолдану, сақтандыру өнімдерін пайдалану;
- Ақша активтерін қаржы нарығының әртүрлі құралдарына инвестициялау туралы түсінігін көрсету, инвестициялау кезінде тиімді шарттарды таңдай білу, қаржылық тәуекелдер мен дағдарыстардың әсерін түсіну және бағалау;
- Жеке кәсіпкерлік қызметті реттейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, шағын бизнесте стартаптарды ұйымдастыру;
- Қаржылық қызметтерді тұтынушы ретінде өзінің заңды құқықтары мен мүдделерін білу және қорғау, қаржылық алаяқтық белгілерін тану және жеке қаржылық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері

Преквизиттері: Қазақстан тарихы (мектеп бағдарламасы көлемінде).

Постреквизиттер: Саясаттану, Қаржылық есептілік және талдау, Бизнес аудиті, Салық есебі

Мақсаты: «Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» пәнін оқытудың мақсаты – студенттердің мемлекеттің және құқықтың пайда болу, қызмет ету және даму заңдылықтары туралы білімдерін кеңейту және тереңдету, олардың қоғам өміріндегі рөлі туралы түсініктерін қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттырудың маңыздылығын түсіндіру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: «Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» курсы білім алушылардың тұрақты даму қағидаттары контекстінде базалық құқықтық білімдерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ойлауын және құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Пән аясында заңнама негіздері, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл тетіктері қарастырылады. Өзін-өзі дамыту және өмір бойы білім алу қабілетін дамытуға, жауапты азаматтық ұстаным мен этикалық құндылықтарды қалыптастыруға ерекше назар аударылады. Курс заңдылыққа, әлеуметтік әділеттілікке және қоғамның тұрақты дамуына бағдарланған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекет туралы жалпы ережелер, құқықтың жалпы теориясы, Қазақстан Республикасының конституциялық құқығының негіздері, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығының негіздері, Қазақстан Республикасының қаржы құқығының негіздері, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығының негіздері, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығының негіздері, еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негіздері, Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығының негіздері, Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығының негіздері, Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың түсінігі, тарихи кезеңдері мен негізгі санаттары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріндегі Қазақстан Республикасының стратегиялық ұстанымы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары және олардың салдарын жою, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілері және олардың өкілеттіктері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы қоғамның рөлі және халықаралық аспектілер сияқты тақырыптар зерделенеді.

Күтілетін нәтижелер: Құқықтану және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің бастапқы ұғымдары мен ережелері туралы білімдерін көрсету; Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің негізгі ережелерін қолдану және оларды күнделікті өмірде пайдалана білу; Нақты заңдарға, заңды рәсімдерді жүзеге асыру тәртібіне қатысты ақпараттық-іздеу қызметін жүзеге асыру; Нәтижелерді әртүрлі хабарлама нысандарында түсіндіру; Зерттелетін салада білім алуды одан әрі өз бетінше жалғастыру үшін қажетті дағдыларды пайдалану; Қазақстан Республикасының заңнамасына талдау жүргізу, құқықтық институттар тұрғысынан, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы практикалық жағдайларға баға беру; Өз бетінше білім алу қабілетін қалыптастыру, білімдерін толықтыру және алған құзыреттерін қолдану; Академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетін ұстану.

Междисциплинарный курс "Экология и безопасность жизнедеятельности"

Преквизиттері: Химия, Биология, Физика, География и Математика (мектеп бағдарламасы көлемінде).

Постреквизиттер: Құрылыс саласындағы бухгалтерлік есеп, Өндірістік саласындағы бухгалтерлік есеп

Мақсаты: Экологиялық дүниетанымды қалыптастыру, қоғам мен табиғаттың тұрақты дамуының негіздері туралы терең жүйелі білім мен түсініктерді, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың заманауи тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білімдерді меңгеру.

Болашақ мамандарды қауіпсіз және жайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге, төтенше жағдайлар кезінде халықты және шаруашылық объектілерінің өндірістік персоналын авариялар, апаттар мен табиғи зілзалалардың ықтимал салдарларынан қорғау

бойынша сауатты шешімдер қабылдауға, сондай-ақ олардың салдарын жою барысында қажетті теориялық білімдермен және практикалық дағдылармен қамтамасыз ету, яғни кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Бұл пән тірі организмдердің тіршілік ету ортасымен өзара әрекеттесуін, экологиялық жүйелердің және жалпы биосфераның қызмет етуін айқындайтын негізгі заңдылықтардың мазмұнын ашады. Курсты зерделеу барысында білім алушыларда биосфераның даму заңдылықтары және оның тұрақтылығын сақтау шарттары бойынша кешенді білім қалыптасады, сондай-ақ экологиялық үдерістерді талдау, табиғат пен қоғамның тұрақты дамуының нақты міндеттері мен басымдықтарын айқындау дағдылары қалыптастырылады.

Пән адамның тіршілік ету ортасымен қауіпсіз өзара әрекеттесу тәсілдерін, төтенше жағдайлар кезінде шаруашылық объектілерінің тұрақты жұмыс істеуін, төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою мәселелерін зерделейді.

Күтілетін нәтижелер: Білу: табиғат пен қоғамның өзара әрекеттесуінің негізгі заңдылықтарын; экожүйелердің қызмет етуі мен биосфераның даму негіздерін; өндірістің және қоршаған ортаның зиянды әрі қауіпті факторларының адам денсаулығына әсерін; тұрақты дамудың тұжырымдамасын, стратегияларын, проблемаларын және оларды жаһандық, өңірлік және жергілікті деңгейлерде шешудің практикалық тәсілдерін; қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманың негіздерін; қауіпсіз өндірістік үдерістерді ұйымдастыру қағидаттарын.

Істей білу: табиғи ортаның экологиялық жағдайын бағалау; өндірістің қоршаған ортаға техногендік әсерін бағалауды жүргізу; табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты экологиялық-экономикалық жүйелердің даму тенденцияларын сыни тұрғыдан пайымдау және олардың экологиялық салдарын сипаттау.

Дағдыларды меңгеру: экожүйелердің компоненттерін және жалпы биосфераны зерделеу; экологиялық-экономикалық жүйелердің тұрақты дамуының оңтайлы жағдайларын анықтау; табиғатты қорғау міндеттерін шешуге байланысты тақырыптар бойынша логикалық пікірталас жүргізу; қоршаған ортаны мониторингтеудің стандартты әдістемелерін меңгеру; ғылыми және арнайы әдебиеттерді іздеу және жүйелеу дағдыларын меңгеру.

Білім алушылар тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету негіздері бойынша білімді меңгеруі, өз денсаулығын және айналасындағылардың денсаулығын сақтауға қатысты білік пен дағдыларды қалыптастыруы; адам ағзасының құрылысы мен функциялары туралы білім алуы; қоғамдық санада үйлесімді дамыған және дені сау ұрпақты дүниеге әкелу мен тәрбиелеуге жоғары жауапкершілікті қалыптастыруы тиіс.

Қауіпсіздік, денсаулық қағидаттары, төтенше жағдайлар, жарақаттар, сынықтар және шұғыл жағдайлар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету, табиғи және техногендік апаттардың сипаттамасы, әртүрлі аурулардың клиникалық көрінісі мен емдеу қағидаттары, сондай-ақ олардың алдын алу сияқты ұғымдарды меңгеру. Осы білімдерді пайдалана отырып, өмірде, тұрмыста және өндірісте кездесетін нақты жағдайларды талдай білу, аурулардың клиникалық белгілерін, ағзалар мен жүйелердің функционалдық ерекшеліктерін және олардың өзара әрекеттесуін анықтау, денсаулықты нығайтуға арналған әртүрлі бағдарламалар мен денсаулықты сақтау әдістерін қолдану.

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР

Пәннің циклы.	Пән коды	Пәннің аты	Кредит саны	Семестр
2 курс				
		Таңдау курсы 1		
БП	ВЕТsТ 2022	Бухгалтерлік есептегі цифрлық технологиялар	5	4
	1СК 2022	1С:Кәсіпорын		
		Таңдау курсы 2		
БП	МТЕВ 2022	Мәліметтерді талдау және экономиканы болжамдау	5	3
	ЕМАМ2022	Экономика математикалық әдістер және модельдер		
		Таңдау курсы 3		
БП	Min 2022	Minor Майнор - https://www.keu.kz/ru/studentu/katalogi-elektivnykh-distsiplin.html	5	3
		Таңдау курсы 4		
БП	Min 2022	Minor Майнор - https://www.keu.kz/ru/studentu/katalogi-elektivnykh-distsiplin.html	5	4

Таңдау курсы 1

Бухгалтерлік есептегі цифрлық технологиялар

Преквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Бухгалтерлік есеп негіздері

Постреквизиттер: Қаржылық есеп 1, Салық есебі, Өндірістік саласындағы бухгалтерлік есеп, Құрылыс саласындағы бухгалтерлік есеп

Мақсаты: Бағдарламалық бухгалтерлік кешенде жұмыс істеудің теориялық және практикалық дағдыларын меңгеру, алынған білімді бухгалтерлік есеп және аудит саласында қолдану.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Кәсіпорындардағы бухгалтерлік есеп қызметін автоматтандыру орындалатын операциялардың күрделілігі мен еңбек сыйымдылығының артуына ғана емес, сонымен қатар Қазақстандағы цифрландырудың жалпы үрдісіне де байланысты. Бұл пайдаланушының бастапқы құжаттарды өңдеу, контрагенттер, қойма операциялары, негізгі құралдар және басқа да объектілер бойынша деректер базасын қалыптастыру және сақтау, есептілік нысандарын алу, сондай-ақ есептік міндеттерді шешу үшін ақпараттың үлкен көлемін беру жөніндегі жұмысының ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Күтілетін нәтижелер: Бағдарламалық бухгалтерлік кешенде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, алынған білімді бухгалтерлік есеп және аудит саласында қолдану.

1С:Кәсіпорын

Преквизиттері: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Экономикадағы математика

Постреквизиттер: Өндірістік саласындағы бухгалтерлік есеп, Құрылыс саласындағы бухгалтерлік есеп, Бизнес аудиті, Салық есебі

Мақсаты: Бағдарламалық кешенде жұмыс істеудің теориялық және практикалық дағдыларын меңгеру, алынған білімді бухгалтерлік есеп және аудит саласында қолдану.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Бухгалтердің автоматтандырылған жұмыс орны (АЖО). 1С: Бухгалтерия бағдарламалық құралы. Деректер базасын жұмысқа дайындау. 1С: Бухгалтерия бағдарламасында жұмыс істеудің негізгі режимдері. Негізгі құралдарды есепке алу ақпараттық жүйесі. Бөлшек және көтерме сауда кәсіпорындарындағы тауарларды есепке алу ақпараттық жүйесі. Ақша қаражатын есепке алу. Дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысулар. Кадрларды есепке алу және еңбекақыны есептеу. Материалдарды есепке алу. Өндіріс шығындарын есепке алу және дайын өнімді шығару операциялары. Материалдық емес активтерді және ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) арналған шығыстарды есепке алу. Қосылған құн салығын (ҚҚС) есепке алу. Бухгалтерлік құжаттардың есептілік нысандарын қалыптастыру. Кәсіпорынның шаруашылық қызметіне талдау жүргізу.

Күтілетін нәтижелер: Пәндік саланың міндеттерін қою бойынша практикалық дағдыларды меңгеру; ақпараттық жүйелердің (АЖ) артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтай білу; заманауи ақпараттық технологияларды білу және оларды кәсіпорынды басқаруда тиімді пайдалану.

Таңдау курсы 2

Мәліметтерді талдау және экономиканы болжамдау

Преквизиттері: Экономикалық теория, Экономикадағы математика

Постреквизиттер: Статистика, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау, Экономикалық талдау, Коммерциялық банктердің қаржылық талдауы, Қаржылық есептілік және талдау

Мақсаты: Студенттерге шешімдер қабылдауды негіздеу және әлеуметтік-экономикалық дамуды болжау мақсатында әртүрлі сипаттағы деректерді талдау бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Экономикалық болжаудың мәні. Экономикадағы болжауды ақпараттық қамтамасыз ету. Әлеуметтік-экономикалық процестерді болжаудың сапалық әдістері. Көпфакторлы регрессиялық модельдер негізінде болжау. Уақытша қатарлар. Экономикалық процестер динамикасының көрсеткіштері. Уақытша қатарларды тегістеу. Тренд негізінде болжау. Маусымдық процестерді болжау. Үлестірілген лағы бар динамикалық модельдер. Дисперсиялық талдау. Компоненттік талдау. Факторлық талдау. Көпөлшемді шкалалау. Кластерлік талдау. Дискриминанттық талдау.

Күтілетін нәтижелер:

- Әлеуметтік-экономикалық дамудың ғылыми негізделген макро- және микроэкономикалық болжамдарын жасаудың әдіснамасы, әдістемесі мен технологиясы негіздерін білу.
- Орын алып жатқан құбылыстардың мәнін түсіну және әртүрлі экономикалық жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдай білу.
- Өткен кезеңдегі болжау объектісінің және болжамдық аяның жай-күйі туралы экономикалық ақпаратты жинақтауды жүзеге асыру, бұл ақпаратты болжау әдістерін немесе көпөлшемді статистика әдістерін қолдану арқылы өңдеу.
- Жүйенің болашақтағы жай-күйін болжау және болжау мен статистикалық ақпаратты өңдеу нәтижелерін ұсыну.
- Қажетті статистикалық ақпаратты өз бетінше жинақтауды жүзеге асыра алу, оны өңдеу және болашақ кезеңде объектінің дамуын болжау.

Экономика математикалық әдістер және модельдер

Преквизиттері: Экономикалық теория, Экономикадағы математика

Постреквизиттер: Статистика, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау, Экономикалық талдау

Мақсаты: Студенттердің экономикалық тапсырмаларды формализациялауда, экономикалық-математикалық модельдерді құруда, әртүрлі математикалық ұғымдар мен алгоритмдерді экономикалық тұрғыдан түсіндіруде (интерпретациялауда) математикалық аппарат пен практикалық дағдыларды меңгеруі, шешудің негізгі әдістерін игеруі, сондай-ақ есептеу нәтижелерін мазмұндық талдау мен түсіндіру дағдыларын қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Экономикалық жүйелерді математикалық модельдеудің негізгі ұғымдары. Экономикада сызықтық алгебра элементтерін қолдану. Көпсалалы экономиканың Леонтьев моделі. Сауданың сызықтық моделі. Қорларды басқарудың статистикалық модельдері. Қорларды басқарудың стохастикалық модельдері. Ойындар теориясының жалпы ұғымдары. Матрицалық ойындарды шешу әдістері. Желілік жоспарлау және басқару (ЖЖБ) модельдері. Желілік графиктерді оңтайландыру. Көпшілікке қызмет көрсету теориясының элементтері. Бас тартылатын көпшілікке қызмет көрсету жүйелері. Күтуі бар көпшілікке қызмет көрсету жүйелері. Имитациялық модельдерді құру. Қорларды басқаруда имитациялық модельдерді қолдану. Көпшілікке қызмет көрсету жүйелерін (ҚҚЖ) имитациялық модельдеу.

Күтілетін нәтижелер: Экономикалық тапсырмалардың математикалық модельдерін құру және олардың шешімін табу саласындағы әдіснама, әдістеме мен технология бойынша білімді меңгеру. Теориялық білімді практикада қолдану, экономикалық-математикалық модельдерді талдау, олардың кәсіби тапсырмаларды шешудегі мақсаты мен рөлін түсіну. Әлеуметтік, әдептік және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, қабылданған шешімнің дұрыстығын дәлелдеу және уәж келтіру тәсілдерін меңгеру. Ақпаратты жинақтау және түсіндіру (интерпретациялау) бойынша дағдыларды қалыптастыру, оны хабарламалардың әртүрлі нысандарында ұсына білу, топта жұмыс істеу, пікірталас жүргізу, өз ұстанымын қорғау және шешімдер қабылдау. Әртүрлі экономикалық тапсырмаларды өз бетінше шеше алу, алынған нәтижелерді түсіндіру және ұйымның экономикалық саясатын жүргізу үшін ұсыныстар бере білу.

Таңдау курсы 3

Minor

<https://www.keu.kz/attachments/article/11089/КЭД%20по%20майнорам%20набор%202026-2027.pdf>

Таңдау курсы 4

Minor

<https://www.keu.kz/attachments/article/11089/КЭД%20по%20майнорам%20набор%202026-2027.pdf>

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР

Пәннің циклы.	Пән коды	Пәннің аты	Кредит саны	Семестр
		3 курс		
		Таңдау курсы 1		
БП	TsK PK 2022	«Цифрлық қаржы» пәнаралық курсы	5	6
	EATsTBK PK 2022	«Есеп айырысудың цифрлық технологиялары және банкаралық клиринг» пәнаралық курсы		
		Таңдау курсы 2		
БП	SS 2022	Сандық статистика	5	6
	St 2022	Статистика		
		Таңдау курсы 3		
БП	Min 2022	Minor Майнор - https://www.keu.kz/ru/studentu/katalogi-elektivnykh-distiplin.html	5	5
		Таңдау курсы 4		
БП	Min 2022	Minor Майнор - https://www.keu.kz/ru/studentu/katalogi-elektivnykh-distiplin.html	5	6
		Таңдау курсы 5		
БП	BI 2022	Банк ісі	5	5
	KBKT 2022	Коммерциялық банктердің қаржылық талдауы		
		Таңдау курсы 6		
БеП	KRUBS 2022	Қазақстан Республикасының Ұлттық бағалау стандарттары	5	5
	HBS 2022	Халықаралық бағалау стандарттары		
		Таңдау курсы 7		
БеП	MB 2022	Мүлікті бағалау	5	6
	RDKN 2022	Риэлтерлік және девелоперлік қызмет негіздері		

Таңдау курсы 1

«Цифрлық қаржы» пәнаралық курсы

Пререквизиты: Қаржы, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Постреквизиттер: ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік, Қаржылық есептілік және талдау, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

Мақсаты: Сандық экономика жағдайындағы қаржы теориясының жаңа тәсілдерін, қаржының қағидаттары мен функцияларын зерделеу (үйрену)

Курстың қысқаша сипаттамасы: Пән сандық экономика жағдайындағы қаржы теориясының жаңа тәсілдерін, қаржының қағидаттары мен функцияларын зерделеуге, «сандық қаржы» жаңа экономикалық категориясының ауқымдылығы мен өзектілігін түсінуге бағытталған. Курс студенттердің сандық платформаларды пайдалана отырып, қаржы жүйесінің барлық буындарында қаржыны басқару саласындағы базалық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруіне бағдарланған.

Күтілетін нәтижелер: Әртүрлі АКТ түрлерін: ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша интернет-ресурстарды, бұлттық және мобильді сервистерді пайдаланады; ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру технологияларын, сондай-ақ кәсіби

қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологиялар базасында экономикалық-математикалық модельдеу, интеллектуалды жүйелер және нейрондық желілер әдістерін меңгерген.

«Есеп айырысудың цифрлық технологиялары және банкаралық клиринг» пәнаралық курсы

Пререквизиты: Қаржы, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Постреквизиттер: ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік, Қаржылық есептілік және талдау, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

Мақсаты: Сандық экономика жағдайындағы қаржы теориясындағы есеп айырысулардың жаңа технологияларын зерделеу.

Курстың қысқаша сипаттамасы: «Есеп айырысудың сандық технологиялары және банкаралық клиринг» курсы банкаралық есеп айырысу негіздері, клирингтік ұйымның жұмыс істеу тәртібі, қолма-қол ақшасыз электрондық есеп айырысу технологиялары бойынша теоретикалық-әдіснамалық әрі практикалық білім мен дағдыларды қалыптастыратын жетекші пән болып табылады; мұнда сандық ақша көмегімен электрондық есеп айырысулардың қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше назар аударылады.

Күтілетін нәтижелер: Әртүрлі АКТ түрлерін: ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату бойынша интернет-ресурстарды, бұлттық және мобильді сервистерді пайдаланады; ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру технологияларын, сондай-ақ кәсіби қызметте ақпараттық-коммуникациялық технологиялар базасында экономикалық-математикалық модельдеу, интеллектуалды жүйелер және нейрондық желілер әдістерін меңгерген.

Таңдау курсы 2

Сандық статистика

Преквизиттері: Экономикадағы математика, Экономикалық теория

Постреквизиттер: Қаржылық менеджмент, Экономикалық талдау, Бизнесі бағалау

Мақсаты: Студенттерді статистикалық зерттеу әдістерін, деректерді жинау, сандық материалды өңдеу, алынған ақпаратты талдау әдістерін пайдалануға және алынған білімді практикада қолдануға үйрету.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Қазіргі кезеңдегі сандық статистиканың мәні, әдісі және міндеттері. ҚР-да мемлекеттік статистиканы ұйымдастыру. Статистикалық бақылау. Статистикалық жинақтау, топтау және кестелер. Абсолюттік және салыстырмалы шамалар, олардың графикалық берілуі. Орташа шамалар және вариация көрсеткіштері. Тандамалы бақылау. Қоғамдық құбылыстар динамикасын статистикалық зерделеу. Индекстер. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың өзара байланысын статистикалық зерделеу. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың ғылыми негіздері. Халық және еңбек ресурстарының статистикасы. Ұлттық байлық статистикасы. Шығындар мен аралық тұтыну статистикасы. Тауарлар мен қызметтерді өндіру статистикасы. Тауар және ақша айналымының статистикасы. Баға статистикасы. Өндіріс тиімділігінің статистикасы. Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Халықтың өмір сүру деңгейінің статистикасы.

Күтілетін нәтижелер:

- білім алушылар әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерделеудегі статистикалық әдістің мәні мен оны қолдану ерекшеліктері туралы түсінікке ие болуы тиіс;
- деректерді жинау мен топтау, сандық материалды өңдеу әдістерін білуі тиіс;
- статистикалық жиынтыққа өзіндік талдау жүргізуді, экономика саласында орын алып жатқан құбылыстар мен процестер арасындағы өзара байланысты анықтауды жүзеге асыруы тиіс;

- статистикалық әдістерді және өз білімін практикада қолдануды негіздей алуы тиіс;
- курсты зерделеу болашақта тұрақты тұлғалық даму мен кәсіби өзін-өзі білімлендіру қажеттілігін іске асыруға көмектеседі.

Статистика

Преквизиттері: Экономикадағы математика, Экономикалық теория

Постреквизиттер: Қаржылық менеджмент, Экономикалық талдау, Бизнесі бағалау

Мақсаты: Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерделеудегі статистикалық әдістің мәні мен оны қолдану ерекшеліктері туралы түсінік беру. Бұл пәнде экономиканың жай-күйі мен дамуын, ұлттық байлықты, халықтың өмір сүру деңгейін сипаттайтын негізгі статистикалық көрсеткіштерді құрудың мақсаты мен әдістері ашылады.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Курс статистиканың жалпы теориясы мен әлеуметтік-экономикалық статистикадан тұрады. «Статистика» курсын меңгеру барысында экономикалық-статистикалық ақпаратқа талдау жүргізу үшін қолданылатын барлық көрсеткіштер жүйесін (абсолюттік, салыстырмалы, орташа шамалар, вариация, динамика көрсеткіштері, таңдамалы талдау әдісі, индекстер, корреляциялық-регрессиялық талдау, ҰШЖ негізінде барлық макроэкономикалық көрсеткіштерді есептеу, халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштері) зерделеу және меңгеру көзделеді.

Күтілетін нәтижелер:

- әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен процестерді зерделеудегі статистикалық әдістің мәнін және оны қолдану ерекшеліктерін білуді және түсінуді көрсету;
- қойылған міндетке сәйкес экономикалық деректерді жинау, топтау, өңдеу әдістерін қолдану;
- экономикалық көрсеткіштерді есептеу нәтижелерін талдау және болжау;
- зерттелетін көрсеткішке факторлардың әсерін анықтау және есептеу бойынша теоретикалық және практикалық білімді, дағдыларды пайдалану;
- оқып-үйрену дағдыларын пайдалану, алынған экономикалық көрсеткіштерді есептеу нәтижелерін көрнекі түрде көрсете білу, түсіндіру және негіздеу;
- тапсырмаларды шешу кезінде талдау жүргізу және алынған нәтижелерді экономикалық тұжырымдар түрінде ұсыну.

Таңдау курсы 3

Minor

<https://www.keu.kz/attachments/article/11089/КЭД%20по%20майнорам%20набор%202026-2027.pdf>

Таңдау курсы 4

Minor

<https://www.keu.kz/attachments/article/11089/КЭД%20по%20майнорам%20набор%202026-2027.pdf>

Таңдау курсы 5

Банк ісі

Пререквизиты: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржы

Постреквизиттер: Бизнесі бағалау, Мүлікті бағалау, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау, Қаржылық есептілік және талдау

Мақсаты: Студенттерде коммерциялық банктің қызметін ұйымдастыру, қазіргі заманғы банктік операциялар мен технологиялар саласында терең теориялық және қолданбалы білімді қалыптастыру, несиелік әрі қаржылық құралдарды қолдану дағдыларын дамыту және коммерциялық банктің қазіргі қызмет жағдайларына барынша жуықтатылған әртүрлі жағдайларда шешім қабылдауға үйрету.

Курстың қысқаша сипаттамасы: «Банк ісі» курсы банк ісінің негіздері, активтерді, меншікті капитал мен міндеттемелерді басқару, коммерциялық банктердің қызметін талдау мен басқару тәсілдері және әдістері бойынша теориялық-әдіснамалық әрі практикалық білім мен дағдыларды қалыптастыратын жетекші пән болып табылады; мұнда банктік операцияларды басқару мен талдауға, банктік тәуекелдерге ерекше назар аударылады. Курс банктік қызмет саласында теориялық және қолданбалы білімді қалыптастыруға, олардың қазіргі заманғы операциялары мен технологияларын талдауға, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін құралдарды қолдану дағдыларын меңгеруге бағытталған. Курсты зерделегеннен кейін білім алушылар заңнамалық базаны оқып-үйрену негізінде банктер қызметінің қаржылық көрсеткіштерін талдай алады, ресурстарды басқарады, тәуекелдерді және оларды азайту жолдарын анықтай алады.

Күтілетін нәтижелер:

- негізгі ұғымдарды, банк ісін ұйымдастырудың теориялық негіздерін көрсету және қаржыгер ғалымдардың пікірлерін зерделеу негізінде коммерциялық банктің қызметін ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын бөліп көрсетуді үйрену, банк ісі саласындағы тұжырымдамалық мектептерді ажырата білу;
- қазіргі заманғы банктік операциялар туралы алынған білімді қолдану, коммерциялық банктің ресурс және капитал базасын есептей алу және оған баға бере білу, банктің сапалы банктік активтері мен пассивтерін жіктеуді, оларды қалыптастыру процедураларын білу, есептеу-жобалау жұмыстарын орындау; банктің өтімділігін болжай алу және тәуекел көрсеткіштерін есептей білу;
- банк ісі саласындағы ақпаратты жинақтауды және түсіндіруді (интерпретациялауды), экономикалық ақпаратты жинақтау бойынша талдау-синтездік қызметті жүзеге асыру, коммерциялық банктер қызметін ұйымдастыру ерекшеліктерін зерделеу арқылы макро-, мезо- және микродеңгейде банк секторы конъюнктурасының дамуын болжау, оның қатысушылары мен делдалдарының мінез-құлқын бағалай білу;
- оқу-практикалық және кәсіби тапсырмаларды орындау шеңберінде банк ісі саласындағы теориялық және практикалық білімді, қаржылық-басқарушылық шешімдерді қабылдауды пайдалану;
- танымдық қызметті өз бетінше жүргізуге және банк ісі саласында әрі қарай өзін-өзі білімлендіруге қажетті оқып-үйрену дағдыларын пайдалану, сауатты банктік саясатты анықтау мақсатында банк ісін зерделеу негізінде қаржылық механизм құралдарын пайдалану шеберлігін көрсету;
- банктік ақпаратқа талдау жүргізу, қаржыгер ғалымдардың пікірлерін зерделеу негізінде коммерциялық банктің қызметін ұйымдастырудың негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын бөліп көрсетуді үйрену.

Коммерциялық банктердің қаржылық талдауы

Пререквизиты: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржы

Постреквизиттер: Бизнесті бағалау, Мүлікті бағалау, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

Мақсаты: Коммерциялық банктің қаржылық талдауын жүргізу негіздерін зерделеу және банктегі мәселелерді олардың қалыптасуының мүмкіндігінше ерте кезеңдерінде анықтау.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Коммерциялық банктердегі қаржылық талдауды ұйымдастыру ерекшеліктері және қаржылық талдауды ақпараттық қамтамасыз ету. Коммерциялық банктердің қызметіндегі қаржылық талдаудың рөлі мен маңызы. Банк балансын талдау әдістері мен тәсілдері. Банктің меншікті капиталының көрсеткіштерін және оның жеткіліктілігін талдау. Банктің кірістері мен шығыстарын талдау, салық салуды және қаржылық нәтижелерді талдау. Негізгі талдамалық тәсілдер. Ресурстарды тарту шығындарын бағалау, операциялардың кірістілігі мен тәуекелдерді бағалау әдістері мен тәсілдері.

Күтілетін нәтижелер: Есептілік, сондай-ақ банктің қызметі туралы ресми ақпараттың басқа да көздері негізінде оның қаржылық жай-күйіне кешенді талдау жүргізу.

Таңдау курсы 6

Қазақстан Республикасының Ұлттық бағалау стандарттары

Преквизиттері: Бағалаудың теориялық негіздері, Экономика және жылжымайтын мүлікті басқару

Постреквизиттер: Бизнесті бағалау, Мүлікті бағалау, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

Мақсаты: Білім алушыларда бағалау қызметінің нормативтік-құқықтық базасын, стандарттары мен әдіснамасын қолдану бойынша теориялық білім мен практикалық дағдылар жүйесін қалыптастыру, бұл ҚР заңнамасына сәйкес бағалаудың әртүрлі объектілерінің құнын объективті анықтау және шынайы есептерді жасау үшін қажет.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Бағалау қызметінің негіздерін – Қазақстан Республикасының бағалаудың ұлттық стандарттарын зерделеу. Оның ішінде «Жылжымалы мүліктің құнын бағалау», «Жылжымайтын мүліктің құнын бағалау», «Бағалау базалары мен құн түрлері», «Зияткерлік меншік объектілері мен баға материалдық емес активтердің құнын бағалау», «Бизнесті бағалау және бизнеске қатысу құқықтары», «Қаржылық құралдарды бағалау» сияқты стандарттар бар.

Күтілетін нәтижелер:

- ҚР-дағы бағалау қызметінің нормативтік-құқықтық базасын, Бағалаудың ұлттық стандарттарының (БҰС) талаптарын және құнның әртүрлі түрлерін анықтауға арналған әдістемелік тәсілдерді білу;
- стандарттарды дұрыс түсіндіре білу (интерпретациялау), белгілі бір мақсатқа сай рұқсат етілген бағалау әдістерін таңдай алу;
- оларды жылжымайтын мүлік, жылжымалы мүлік және бизнес объектілерімен жұмыс істеу барысында практикада қолдану.

Халықаралық бағалау стандарттары

Преквизиттері: Бағалаудың теориялық негіздері, Экономика және жылжымайтын мүлікті басқару

Постреквизиттер: Бизнесті бағалау, Мүлікті бағалау, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

Мақсаты: формирование знания о назначении международного и Европейского
Мақсаты: Бағалаудың жалпы ұғымдары мен қағидаттарын, халықаралық бағалауды қолдануды, бағалау бойынша халықаралық нұсқаулықтарды зерделеу.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Халықаралық бағалауды қолдану ерекшеліктері. Қаржылық есептілікке арналған құн ерекшеліктері. Бағалау бойынша халықаралық нұсқаулықтар.

Күтілетін нәтижелер:

- бағалаудың халықаралық стандарттары саласында түсінік пен білімді қалыптастыру, әрбір жаңа стандартты қолдану саласындағы білімді практикада пайдалана білу, кез келген сәйкессіздікті тапсырыс берушінің назарына жеткізу;
- жағдайды анық баяндау, шынайы бағалауды алу үшін қажетті дұрыс белгіленген әдістер мен процедураларды қолдану;
- бағалау бөлігіндегі ХБСХ (МКСО) жаңашылдықтарын өз бетінше зерделей алу.

Таңдау курсы 7

Мүлікті бағалау

Преквизиттері: Бағалаудың теориялық негіздері, Экономика және жылжымайтын мүлікті басқару

Постреквизиттер: Бизнесті бағалау, Мүлікті бағалау, Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

Мақсаты: Білім алушыларда жылжымалы және жылжымайтын мүліктің нарықтық әрі басқа да құн түрлерін анықтау бойынша білімнің кешенді жүйесі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ қолданыстағы бағалау стандарттарына сәйкес шығындық, салыстырмалы және табыстық тәсілдерді қолдану әдіснамасын меңгерту.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Курс әртүрлі мүлік түрлерінің – жылжымайтын мүліктен бастап машиналарға, құрал-жабдықтар мен көлік құралдарына дейінгі құнын анықтаудың теориялық және практикалық аспектілерін қамтиды. Студенттер бағалаудың негізгі тәсілдері мен әдістерін (шығындық, салыстырмалы, табыстық) зерделейді, нарықтық ақпаратты жинау мен талдауды, сондай-ақ бағалау туралы кәсіби есептерді жасауды үйренеді.

Күтілетін нәтижелер:

- жылжымалы (машиналар, құрал-жабдықтар, көлік құралдары) және жылжымайтын мүлікті бағалаудың жіктелуін, ерекшелігін және нормативтік-құқықтық базасын, сондай-ақ негізгі ұғымдарды, құн түрлерін және баға белгілеу қағидаттарын білу;
- техникалық-экономикалық және нарықтық талдау жүргізе алу, тозуды, тораптардың сенімділігін, тәуекелдерді және сыртқы факторлардың активтердің соңғы құнына әсер ету дәрежесін анықтау;
- бағалау мақсаттары мен объектінің ерекшеліктерін ескере отырып, шығындық, салыстырмалы және табыстық тәсілдерді қолдану, мүліктің кез келген түрлері үшін түзетулерді есептеу әдістерін меңгеру;
- заманауи бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып және қабылданған шешімдерді терең негіздей отырып, бағалау туралы есептер мен сараптамалық қорытындыларды әзірлеу, рәсімдеу және сараптама жүргізу дағдыларына ие болу.

Риэлторлік және девелоперлік қызмет негіздері

Преквизиттері: Бағалаудың теориялық негіздері, Қазақстан Республикасының Ұлттық бағалау стандарттары, Салықтар және салық салу, Сақтандыру

Постреквизиттер: Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау, Қаржылық менеджмент, Экономикалық талдау

Мақсаты: «Риэлторлық қызмет негіздері» пәнінің мақсаты — студенттерге келесі міндеттерді қамтитын қажетті теориялық және практикалық дағдыларды беру: риэлторлық қызметтің экономикалық мазмұны, оның негізгі түрлері мен қызметті қаржыландыру көздері туралы объективті түсінік қалыптастыру; ҚР риэлторлық саясатының негізгі қағидаттары мен механизмдері туралы теориялық білім беру; риэлторлық қызметтің мазмұны, жіктелуі және оны іске асыру кезеңдері туралы теориялық білім беру; риэлторлық қызметті бағалау және шешімдер нұсқаларын таңдау кезінде инфляция мен тәуекелдерді ескеру дағдыларын қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Жылжымайтын мүлік нарығындағы риэлторлық және девелоперлік қызмет. Риэлторлық және девелоперлік қызмет барысындағы жылжымайтын мүлік нарығы. Девелопмент пен риэлторлық қызметті реттейтін ҚР заңнамасының негіздері. Жылжымайтын мүлік объектілерімен операцияларды жүзеге асыру мәселелері бойынша ҚР негізгі ережелері. Тәуекел-менеджмент, риэлторлық және девелоперлік құрылымдардың сақтандыру ұйымдарымен өзара әрекеттесуі. Риэлторлар мен девелоперлердің банктік институттармен өзара әрекеттесуі.

Күтілетін нәтижелер: Риэлторлық қызметті іске асыру өндірісті жетілдіруге, сатылатын жылжымайтын мүліктің сапасын арттыруға, жұмыс орындарының санын көбейтуге, халықты жұмыспен қамтуды арттыруға және соңғы нәтижеде ҚР халқының өмір сүру деңгейін көтеруге ықпал етеді. Студенттер алған білімдерін практикалық қызметте қолдана білуі тиіс.

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР

Пәннің циклы.	Пән коды	Пәннің аты	Кредит саны	Семестр
		4 курс		
		Таңдау курсы 1		
Беп	BA 2022	Бизнес аудиті	5	7
	KBM2022	Қаржылық бақылау және мониторинг		
		Таңдау курсы 2		
БП	OSBE 2022	Өндірістік саласындағы бухгалтерлік есеп	5	7
	KSBE 2022	Құрылыс саласындағы бухгалтерлік есеп		
		Таңдау курсы 3		
Беп	HKES SKE2022	ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік	5	7
	KET 2022	Қаржылық есептілік және талдау		
		Таңдау курсы 4		
БП	ET2022	Экономикалық талдау	6	7
	IZhTB2022	Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау		

Таңдау курсы 1

Бизнес аудиті

Преквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1, Басқару есебі 1

Постреквизиттер: Өндірістік практика, Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Практикалық аудиттің теориялық негіздерін зерделеу, сондай-ақ аудиторлық тексеруді жүргізудің практикалық дағдыларын меңгеру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Пәнді зерделеу студенттерге бизнес аудитінің теориялық негіздерін алуға, сондай-ақ аудиторлық тексеруді жүргізудің практикалық дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер:

«Бизнес аудиті» пәнін зерделеп, студент:

- қаржылық есептіліктің шынайылығын растай алуы;
- шімдер қабылдау үшін логикалық негізделген база құруға жеткілікті құзыретті мәліметтер мөлшеріне баға бере білуі;
- кәсіпорын экономикасына немесе оның жекелеген қызмет түріне жүйелі талдау жүргізе алуы;
- бастапқы құжаттарды тексере алуы және олардың операцияның шынайы мазмұнына сәйкестігін анықтай білуі;
- негізделген басқарушылық шешімдер қабылдау үшін есептік деректер негізінде негізделген қорытындылар ұсына алуы тиіс.

Қаржылық есептілік және талдау

Преквизиттері: Қаржы, «Цифрлық қаржы» пәнаралық курсы, Мәліметтерді талдау және экономиканы болжамдау

Постреквизиттер: Өндірістік практика. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Қазақстан Республикасында және шетелде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет етуді жүзеге асыру саласында алған білімдерін өздерінің практикалық қызметінде кешенді пайдалануға қабілетті мамандарды даярлау.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Қаржылық мониторингтің экономикалық мәні мен рөлі. Қаржылық мониторинг жүйесі және оның элементтері. Ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет етудің халықаралық жүйесі. Кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет етудің ұлттық жүйесінің жалпы сипаттамасы. КЖ/ТҚҚ саласындағы қаржылық тергеп-тексеру негіздері. Қаржылық мониторинг жүргізу әдістемесі. Қаржы ағындарын басқару. Қаржылық мониторинг шеңберінде қаржы ағындарын талдау. Қазақстанда қаржылық мониторингті дамыту перспективалары.

Күтілетін нәтижелер:

- экономика субъектілерінің қызметіндегі қаржылық мониторингтің мазмұны мен маңызын білу, қаржылық мониторингтің тұжырымдамалық ережелері мен негіздері туралы білімді меңгеру;
- қаржылық мониторингті құқықтық реттеу саласындағы заңнаманың қолданыстағы нормаларын, оның ішінде құқықтық реттеудің оң көріністері мен кемшіліктерін пайдалану. Алған теориялық білімді кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру кезіндегі тәуекелдерді сандық бағалауды жүргізу үшін практикада қолдану;
- қаржылық алаяқтық түрлерін талдау, қаржылық мониторингте пайдаланылатын құжаттардың жобаларын жасау. Күдікті операцияларды анықтау үшін деректерді жинау мен талдау әдістемесі бойынша белгілі бір дағдыларды меңгеру;
- қаржы секторында және қаржылық емес ұйымдарда мәліметтерді жинауды және клиенттерді тексеруді ұйымдастыра алу. Күдікті қаржылық операциялар туралы ақпаратты қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға жіберу қажеттілігі туралы шешімдер қабылдау, ел ішінде де, шетелде де ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін пайдалану;
- күдікті қаржылық операцияларды анықтау туралы шешімдер қабылдау үшін ақпаратты талдау тәсілдері мен әдістерін пайдалана отырып, өздік жұмыс дағдыларын арттыруда алынған білім жүйесін пайдалану.

Таңдау курсы 2

Өндірістік саласындағы бухгалтерлік есеп

Преквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1, Басқару есебі 1

Постреквизиттер: Өндірістік практика. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Студенттерді Қазақстан Республикасының өндірістік саласындағы әртүрлі кәсіпорындарында босалқыларды (қоймалық қорларды), персоналымен еңбекақы бойынша есеп айырысуларды, өндірістік шығындарды, дайын өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) есепке алуды ұйымдастырумен таныстыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: «Өндірістік саладағы бухгалтерлік есеп» курсы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, құрылыс ұйымдарында және автокөлік кәсіпорындарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру туралы ақпаратты қамтиды. Бұл пәнді зерделеп, студенттер өндірістік кәсіпорындардағы босалқыларды, өндірістік шығындарды есепке алудың, өзіндік құнды қалыптастырудың, дайын өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) есепке алудың ерекшеліктерімен танысады.

Күтілетін нәтижелер:

Пәнді зерделеу барысында студенттер мыналарды білуі тиіс:

- өндірістік кәсіпорындар шығыстарының ұғымы мен жіктелуін;
- өндіріске жұмсалған шығындарды есепке алудың және өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнын калькуляциялаудың әдістерінің түрлері мен мазмұнын;

- өндірістік кәсіпорындарда өндіріске жұмсалған шығындарды есепке алуды және өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) өзіндік құнын калькуляциялауды ұйымдастыруды.

Құрылыс саласындағы бухгалтерлік есеп

Преквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1, Басқару есебі 1

Постреквизиттер: Өндірістік практика. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Білім алушыларда салалық ерекшеліктерді, ҚХЕС (МСФО) талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын ескере отырып, бухгалтерлік және салықтық есепті жүргізудің, құрылыс-монтаждау жұмыстарының шығындарын есепке алудың және өзіндік құнын калькуляциялаудың теориялық білімі мен практикалық дағдылары жүйесін қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: «Құрылыс саласындағы бухгалтерлік есеп» пәні басқа салалардан ерекшеленетін өзіндік сипаты бар құрылыс ұйымдарындағы есепті жүргізу ерекшеліктерін зерделейді. Курстың негізгі бағыттары: жұмыстардың көпкезеңділігі, ұзақ мерзімділігі, объектілердің аумақтық алшақтығы, материалдар мен жұмыс түрлерінің әралуандылығы; құрылыс жұмыстарына жұмсалатын шығындарды есептеу, сметалық құнды есепке алу, жанама шығыстарды бөлу; құрылыс техникасын, құрал-жабдықтарды, материалдарды және олардың қозғалысын есепке алу ерекшеліктері; сметалар, орындалған жұмыстар актілері, мердігерлік және қосалқы мердігерлік шарттар, жүкқұжаттар, жоспарлар мен жобалар. Бұл пән болашақ мамандарға: құрылыс компанияларында есепті дұрыс ұйымдастыруға; жобалардың шығыстары мен кірістілігін бақылауға; қаржылық есептіліктің ашықтығын қамтамасыз етуге; шынайы деректер негізінде басқарушылық шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Күтілетін нәтижелер:

- құрылыс саласында есеп жүргізу ерекшелігін, нормативтік-құқықтық базаны, бастапқы құжаттамаға қойылатын талаптарды (орындалған жұмыстар актілері, мердігерлік/қосалқы мердігерлік шарттар, сметалар) және жанама шығыстарды бөлу қағидаларын білу;
- құрылыс-монтаждау жұмыстарының өзіндік құнын калькуляциялай алу, материалдардың, құрал-жабдықтар мен арнайы техниканың қозғалысын көрсете білу, сондай-ақ жобалардың көпкезеңділігі мен ұзақтығын ескере отырып сметалық құнды қалыптастыру;
- іске асырудың барлық кезеңдерінде құрылыс объектілерінің шығындары мен кірістілігін бақылау әдістерін қолдану;
- құжаттамалық рәсімдеу және аумақтық-алшақ объектілер бойынша шығыстарды бөлу дағдыларын меңгеру;
- тиімді басқарушылық шешімдер қабылдау үшін құрылыс компаниясының қаржылық есептілігінің ашықтығын қамтамасыз ету қабілетіне ие болу.

Таңдау курсы 3

ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілік

Преквизиттері: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1, Басқару есебі 1

Постреквизиттер: Өндірістік практика. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Ұйымдардың қаржылық есептілігін қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚХЕС) сәйкес қалыптастыруға қажетті ақпаратты жинау, тіркеу және өңдеу дағдыларын меңгеру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Пән студенттердің субъектінің қаржылық есептілігін жасау және ұсыну үшін қажетті ақпаратты жинау, тіркеу және өңдеу дағдыларын меңгеруіне бағытталған. Пәнді зерделеу барысында студенттер қаржылық есептілікті дайындау мен ұсынудың тұжырымдамалық негіздері мен жалпы қағидаларын игереді,

қаржылық есептілік нысандарындағы ақпаратты ашып көрсетеді, аралық қаржылық есептілікті өзіндік түрде жасайды, қаржылық есептілік көрсеткіштерін талдайды.

Күтілетін нәтижелер:

- қаржылық есептің іргелі қағидаттары; ҚХЕС-ке сәйкес қаржылық есептіліктің барлық нысандарын дайындау; шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау саласында теориялық білімге және практикалық дағдыларға ие болу;
- теория мен практиканың байланысын, интеграциясын көрсете білу, талдау жасау және басқарушылық шешімдер қабылдай алу, ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру, қаржылық есептілікті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қалыптастыру және ұсыну;
- кәсіпорында бухгалтерлік есепті ұйымдастыруда ҚХЕС-ті қолдануға қатысты ақпаратты, идеяларды, мәселелер мен олардың шешімдерін тек мамандар аудиториясына ғана емес, маман емес аудиторияға да хабарлай алу және көрнекі түрде ұсына білу.

Қаржылық есептілік және талдау

Преквизиттері: Мүлікті бағалау, Бизнесті бағалау, Қаржылық есеп 1

Постреквизиттер: Өндірістік практика. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Студенттердің компаниялардың қаржылық есептілігінің әртүрлі нысандарын жасау, талдау және болжау бойынша теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыру; қаржылық талдау саласындағы озық білімге сәйкес қаржылық ақпаратпен және қаржылық көрсеткіштермен жұмыс істеу барысында талдамалық құралдарды пайдалана отырып, студенттердің талдау қабілеттерін дамыту.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Компания қызметін басқарудың ақпараттық жүйесіндегі қаржылық есептілік пен талдау. Баланс – кәсіпорынның мүлктік және қаржылық жағдайы туралы ақпарат көзі ретінде. Компанияның пайдалар мен шығындар туралы есебінің мазмұны. Компанияның ақша ағынын талдау. Ақша ағындарын болжау. Қаржылық есептілік – компанияның қаржы-шаруашылық қызметін талдаудың көзі. Компанияның банкроттық ықтималдығын бағалау және болжау. Компанияның қаржылық есептілігінің көрсеткіштерін болжау.

Күтілетін нәтижелер: кәсіпорынның қаржылық есептілігінің негізгі ұғымдарын көрсету, оның нысандары мен элементтерінің мазмұнын анықтау және түсіндіру, қаржылық есептілікті және оның негізгі көрсеткіштерін жасау, талдау, болжау; білімді, дағдыларды, фактілерді және олардың өзара байланысын кәсіби деңгейде қолдану, компанияның операциялық, қаржылық және инвестициялық қызметін бағалау кезінде дәлелдер мен кәсіби пайымдауларды қалыптастыру; компанияның қаржылық есептілігін талдау саласындағы оқу-практикалық және кәсіби тапсырмаларды шешуге қажетті ақпаратты жинау және түсіндіру (интерпретациялау); компанияның қаржылық қызметі туралы теориялық және практикалық білімді пайдалану, қаржылық ақпарат пен қаржылық есептілікті талдау нәтижелерін дайындау және ұсыну, академиялық жазылым дағдылары мен академиялық адалдық қағидаттарын пайдалана отырып өз идеяларын, мәселелерін, шешімдерін тұжырымдау және жеткізу; компанияның қаржылық есептілігі мен талдауы саласында танымдық қызметті өз бетінше жүзеге асыруға және әрі қарай өзін-өзі білімлендіруге қажетті оқу дағдыларын пайдалану; компанияның жалпы қаржылық жай-күйін анықтау, сондай-ақ оның болашақ қызметін болжау үшін талдамалық құралдарды пайдалана отырып, компанияның қаржылық есептілігінің деректері негізінде қаржылық көрсеткіштерді талдау және есептеу; өз бетінше оқу, білімді толықтыру және алынған құзыреттерді кәсіби деңгейде пайдалану қабілетін қалыптастыру.

Талдау курсы 4

Экономикалық талдау

Преквизиттері: Статистика, Сандық статистика, Басқару есебі 1

Постреквизиттер: Өндірістік практика. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Өндірісті басқару тиімділігін, тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін, кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығын, төлем қабілеттілігі мен өтімділігін талдау, талдаудың жекелеген нәтижелерін жинақтау және оңтайлы басқарушылық шешімдер қабылдау саласында білімді қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Пән экономикалық талдау әдіснамасын зерделеуге бағытталған. «Экономикалық талдау» курсының мазмұндық бөлігі өндірісті басқару тиімділігін, кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығын, төлем қабілеттілігі мен өтімділігін талдау және оңтайлы басқарушылық шешімдерді қабылдау саласындағы білімді кеңейтеді әрі тереңдетеді.

Күтілетін нәтижелер:

- «Экономикалық талдау» пәнінің әдіснамасы мен әдістемесін, негізгі экономикалық көрсеткіштерді меңгеру, осы салада алынған білім мен түсінікті көрсете білу;
- ұйымның өндірістік-шаруашылық қызметіне талдау жасай алу, оңтайлы басқарушылық шешімдер қабылдау мақсатында талдаудың жекелеген нәтижелерін жинақтау және тиісті тұжырымдар жасау;
- субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпаратты жинау, талдау, жүйелеу арқылы уәждер келтіру (аргументтер дайындау) және экономикалық сипаттағы мәселелерді шешу;
- ҚР ұйымдарының кірістілігіне, ақша ағындарына, қаржылық орнықтылығына, өтімділігіне, төлем қабілеттілігіне бағалау жүргізу;
- ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін талдау кезінде өздік жұмыс дағдыларына ие болу.

Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау

Преквизиттері: Статистика, Сандық статистика, Басқару есебі 1

Постреквизиттер: Өндірістік практика. Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу.

Мақсаты: Білім алушыларда инвестициялық жобаларды әзірлеу, қаржылық модельдеу және олардың тиімділігін жан-жақты бағалау, сондай-ақ тәуекел мен белгісіздік жағдайларында негізделген инвестициялық шешімдерді қабылдау бойынша теориялық білім мен практикалық дағдылардың кешенді жүйесін қалыптастыру.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Пән білім алушыларда инвестициялық шешімдердің тиімділігі мен қаржылық мақсатқа сәйкестігін бағалау саласында білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Курс шеңберінде инвестициялық жобаларды талдау, тәуекелдерді бағалау, тиімділік көрсеткіштерін есептеу және қазіргі экономика жағдайында басқарушылық шешімдер қабылдау әдістері зерделенеді.

Күтілетін нәтижелер:

- инвестициялық жобалардың мәні мен өмірлік циклін, ақшаның уақытша құны тұжырымдамасын, қаржылық модельдеу әдістерін, сондай-ақ инвестициялық тәуекелдерді бағалау әдістері мен жіктелуін білу;
- ақша ағындарын қалыптастыру үшін статистикалық және басқарушылық есеп деректерін түсіндіре білу (интерпретациялау), дисконттау ставкасын негіздеу, белгісіздік жағдайында сезімталдық пен сценарийлер талдауын жүргізе алу;
- басқарушылық шешімдерді негіздеу кезінде тиімділіктің негізгі критерийлерін қолдану, тәуекелдерді сандық және сапалық талдау құралдарын меңгеру;
- өндірістік практикадан өтуге және дипломдық жұмысты дайындауға қажетті инвестициялық жобаларды әзірлеу, кешенді бағалау және рәсімдеу дағдыларына ие болу.

6B04113 "Қаржылық технологиялар, есеп және бизнесті бағалау" білім беру бағдарламасы бойынша Академиялық комитет төрағасы
Э.Ғ.М., аға оқытушы.



Досмағамбетова Б.Б.